**2005 жылға арналған "Акциздік және есептеу-бақылау маркаларын басып шығару" деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 70559 мың теңге (жетпіс миллион бес жүз елу тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 21, 368 2-т., 373 , 531 3-т., 549-бабы 3-т.; "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы Заңының 11-бабы ; "Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу үшін алым ставкаларын, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 6 желтоқсандағы N 1586 қаулысы ; "Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым таңбаларымен таңбалау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 тамыздағы N 792 қаулысы ; "Есепке алу-бақылау таңбаларын пайдаланып алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын бақылау жүйесін енгізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 тамыздағы N 874 қаулысы ; "Қатаң есептілік бланкілері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 2002 жылғы 19 желтоқсандағы N 889; "Алкоголь өніміне (сырадан басқа), темекі өнімдеріне және құрамында темекі бар өзге де өнімдерге акциздік алым таңбаларын алу, есепке алу, сақтау және беру Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің 2003 жылғы 20 наурыздағы N 134 бұйрығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: заңды өнімді қолдан жасаудан қорғау және заңды жасалғандығын тез арада анықтау, этил спирті мен алкоголь өнімінің айналымын қатаң мемлекеттік реттеу жағдайында акциздердің ең жоғарғы толық түсуін қамтамасыз ету; акцизделетін тауарлардың өндірісі мен айналымы аясында қызметін жүзеге асыратын субъектілерді салықтық әкімшіліктендіру; жеке кәсіпкер және патент негізінде салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркеудегі кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларды тарту; қызметі мезеттік сипаттағы тұлғаларды және қызметін базарларда жүзеге асыратын тұлғаларды салық төлеуге тарту; салық салу объектілері мен қызметтің жекелеген түрлерінің (казино, тотализатор, боулинг, бильярд және т.б.) есебін жүргізу; мүлік, көлік, жер салығын төлеуге жеке тұлғаларды тарту .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: алкоголь өнімдерін өндірушілерді есепке алу-бақылау таңбаларымен қамтамасыз ету; салық органдарымен куәліктер, патенттер, тіркеу карточкаларын беру; салық төлеушілерге біржолғы талондарды, уәкілетті органдар арқылы салықтардың төленгені туралы түбіртектерді беру; уәкілетті органдардың бақылауы .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 004 | Акциздік және есептеу-бақылау маркаларын басып шығару | Есепке алу-бақылау таңбаларын дайындау, алкоголь өнімін таңбалау және бақылау үшін жабдықтарды монтаждау және баптау, Қазақстан Республикасының аумағында алкоголь өнімінің өндірісі мен айналымы үшін бақылау жүйесінің бағдарламалық қамтамасыз етуін бейімдеуі, консультативтік қызметтер. Қатаң есептілік бланкілерінің мынадай түрлерін басу: - жеке кәсіпкерлердің арнаулы салық режимін қолдануға патент; - ауыл шаруашылық өнімін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимін қолдануға патент; - жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік; - ламинациялық қалташықтар; - бір жолғы талондар; - салық төлеуші - жеке тұлға төлейтін мүлік, көлік құралдары салықтары мен жер салығын жинауға ар- | Жылдың ішінде | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі |

налған квитанциялар (ЖТ-1-нысандары);
- лотерея ұйымдастыру, өткізу және лотерея билеттерін сату бойынша салық салу объектісінің тіркеу карточкасы;
- алкоголь өнімін өндіру мен сату бойынша салық салу объектісінің тіркеу карточкасы;
- темекі өнімдерін өндіру, көтерме сату және импортқа шығару бойынша салық салу объектілерін есепке алудың тіркеу карточкасы;
- шыны ыдыстар қабылдау бойынша салық салу объектісін есепке алудың тіркеу карточкасы;
- бензинмен көтерме және бөлшек сауда жасау бойынша салық салу объектілерін есепке алудың тіркеу карточкасы;
- тіркелген жиынтық салық бойынша салық салу объектілерін есепке алудың тіркеу карточкасы;
- заңды тұлғаларға арналған салық төлеушінің куәлігі;

- жеке тұлғаларға арналған салық төлеушінің куәлігі;
- қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлік.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: акцизделетін өнімдердің өндірісі мен айналымын барлық сатыларда толассыз бақылау, өндірісті заңдастыру және акцизделетін өнімдер рыногын тәртіпке келтіру, тиісті салықтардың бюджетке төлеудің уақтылығын және түсуін қамтамасыз ету; қызметтің жекелеген түрлерімен айналысатын, тіркелмеген кәсіпкерлік қызмет объектілері мен субъектілерінің санын азайту, жеке тұлғаларды мүліктік салықтарды (көлік, жер, мүлік) төлеуге толық қамту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына
170-ҚОСЫМША

217 - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Жекелеген негіздемелер бойынша республикалық меншікке түскен мүлікті бағалау, сақтау және сату" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

*Ескерту. 170-қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.04.21.* N 372 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына
171-ҚОСЫМША

217 - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Халықаралық қаржы ұйымдарының акцияларын сатып алу"**

**деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 491551 мың теңге (төрт жүз тоқсан бір миллион бес жүз елу бір мың теңге) .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының Халықаралық валюта қорына, Халықаралық Қайта құру және Даму Банкіне, Халықаралық қаржы Корпорациясына, Халықаралық даму Қауымдастығына, Инвестициялар Кепілдігінің "Көпжақты агенттігіне, Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне мүшелігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 6 желтоқсандағы N 264 Заңы 2-бабының 1 және 2-тармақтары.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі, Еуропа Қайта құру және Даму Банкі, Азия Даму Банкі, Ислам Даму Банкі сияқты ірі және беделді қаржы ұйымдары қатарында акционер мәртебесін алуға байланысты қабылдаған өз міндеттемелерін орындауы, оларға мүшелік Қазақстан Республикасының кредит ресурстарына, оның ішінде экономика мен қаржы саласындағы реформаларды қолдауға жеңілдікті шарттарда қол жеткізу, техникалық көмек пен гранттарды алуға құқық береді.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: халықаралық қаржы ұйымдарының акцияларын сатып алу. Халықаралық қаржы ұйымдары Қазақстан Республикасы үшін көздеген төлемдер кестесіне сәйкес халықаралық қаржы ұйымдарына мүшелік жарналарды тұрақты төлеуін қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Халықаралық қаржы ұйымдарының акцияларын сатып алу | 1. ХҚДБ - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған 28.09.95 ж. N 001/002 және | Бір жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі |

30.06.97 ж. N 5/5025 қарапайым вексельдер қаражатының бөлік-терін ХҚДБ акцио-нерлік капиталына негізгі және қосымша жазылу есебіне инкассалау;
2. ЕҚДБ - қолма-қол бөлік ретінде сегі-зінші мүшелік жар-наны төлеу; қаражат бөліктерін, оның ішінде ЕҚДБ акцио-нерлік капиталына қосымша жазылу есе-біне Қазақстан Рес-публикасының Қаржы министрлігі шығарған 12.04.2001 ж. N 31-3-2-8/4630 жай векселінің бесінші бөлігін, 13.04.2002 ж. N 15-9-2-8/4414 жай векселінің төртінші бөлігін, 7.05.2003 ж. N ДМО-1-2/4082 қара-пайым векселінің үшінші бөлігін, 01.04.2004 ж. N ДМФО-1-2/3135 жай векселінің екінші бөлігін және жай вексельдің бірінші бөлігін (2005 жылғы жетінші мүшелік жар-наның есебіне) инкассалау;
3. ИДБ - оныншы

мүшелік жарнаны ИДБ акционерлік капиталына негізгі жазылу шотына төлеу; бірінші мүшелік жарнаны ИДБ акционерлік капиталына қосымша жазылу шотына төлеу;
4. АДБ - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған 17.05.96 ж. N 27-3-10/3719 қазынашылық вексел і қаражатының бір бөлігін АДБ акционерлік капиталына негізгі жазылу шотына инкассациялау

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Халықаралық қаржы ұйымдарының акционері бола отырып, Қазақстан Республикасы осы халықаралық қаржы ұйымдарынан жеңілдік жағдайларда бағдарламалық және жобалау қарыздарын тартады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 172-ҚОСЫМША

*Ескерту. 172-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.22.* N 509г *қаулысымен.*

217 - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі органдарының ақпараттық жүйелерін құру және дамыту" деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 2486377 мың теңге (екі миллиард төрт жүз сексен алты миллион үш жүз жетпіс жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексі (Салық Кодексі), "Этиль спирті және алкоголь өнімін өндіру мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 3 , 13-баптары ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ; "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 07 сәуірдегі Заңының 6 , 11, 12-баптары ; "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 08 мамырдағы Заңы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі реформалау туралы" 1998 жылғы 12 қазандағы N 4114 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2000 жылғы 14 наурыздағы N 359 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің " Мемлекеттік аппараттық жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығы ; " Қазынашылықты жаңарту жобасын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 16 қазандағы N 1059 қаулысы ; "Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қазандағы N 1501 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 мамырдағы N 674 қаулысы ; " Халықаралық іскерлік операцияларда трансферттік бағалар қолдану кезінде мемлекеттік бақылауға жататын тауарлардың жекелеген түрлеріне рыноктағы бағалары бойынша ресми ақпарат көздерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 9 маусымдағы N 788 қаулысы ; "Республикалық мониторингке жататын салық төлеушілердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 сәуірдегі N 448 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 мамырдағы N 579

қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының кеден қызметін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 қазандағы N 1019 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті туралы ереже" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1129 қаулысы ; "Бюджет процестерін басқару жүйесін жетілдіру бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жұмысын ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2002 жылғы 23 желтоқсандағы N 628 бұйрығы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Мемлекеттік бюджетті басқару және қаржылық бақылау процестерін автоматтандыру, сондай-ақ есептеу, коммуникациялық, желі жабдықтары және ұйымдастыру техникасы құралдарын уақытылы жаңарту және жарақтандыру, жүйелік бағдарламалық қамтамасыз ету, ақпараттық жүйелерді біріктіру және ақпарат қорғауды, Қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесін жетілдіруді қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті мен оның аумақтық бөлімшелерінде ақпараттық жүйелерді, жалпы нысандағы телекоммуникациялар мен салық әкімшіліктендіру жүйелерін құру және дамыту; Қазақстан Республикасы кеден қызметінің Кедендік автоматтандырылған ақпарат жүйесін одан әрі жетілдіру, кеден алымдары мен бюджетке төлемдер аударымдарын көтеру мақсатында кедендік ресімдеу процестерін автоматтандыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, жүктік кедендік декларациялардың электронды көшірмелерінің дерекқорын орталықтандырып қалыптастыру, жасалған қорлардың негізінде Қазақстан Республикасы сыртқы саудасының статистикасын жүргізу, Қазақстан Республикасы кеден органдары қызметінің негізгі көрсеткіштерінің мониторингі, Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктері мен ведомстволарын, Қазақстан Республикасының ұйымдары мен азаматтарын деректермен ақпараттық қамтамасыз ету; Құрылатын Электронды үкіметтің компоненттері ретінде Қазақстан Республикасы Электронды кеденінің ақпараттық жүйесін құру, сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға кеден қызметтерін көрсету бойынша барынша қолайлы жағдайлар жасау, сыртқы сауданы реттеу процестеріне тартылған Қазақстан Республикасының министрліктерімен және ведомстволарымен ақпараттық өзара қатынасты қамтамасыз ету; мемлекеттік сатып алу процесін ақпараттандырудың қазіргі заманғы деңгейіне қол жеткізу, ақпараттық жүйелерді интеграциялау мен ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету, мемлекеттік сатып алу саласында мемлекеттік сатып алуды online-режимінде жүзеге асыру үшін қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды

енгізу, бизнесті электронды жүргізуді, электрондық сауда мен электронды қаржыны (электронды коммерцияны) дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Бюджет процестерін басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі ақпараттық-қаржылық біріктірілген жүйені әзірлеу және құру, ақпаратты қорғау және оларды техникалық қолдауды лицензиялық жүйелік бағдарламалық қамтамасыз етуді және бағдарламалық құралдарды сатып алу, министрліктің аумақтық бөлімшелеріне серверлер сатып алу, сондай-ақ есептеу техникасы құралдарын, желі жабдықтарын, ұйымдастыру техникасын және ақпараттарды қорғаудың аппарат-бағдарламалық құралдарын, ҚКЖ жұмыс орындарын сатып алу; "Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше-мемлекеттердің аумағында жеке тұлғалардың бірыңғай салық куәландыруы куәліктері деректерін алмасу және есепке алу", "Бақылау-кассалық машиналарды тіркеу", "Қазақстан Республикасының резидент еместерін тіркеу және есепке алу", Акцизделетін өнімдердің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу ақпараттық жүйесі ақпараттық жүйелерінің пилоттық жобаларын әзірлеу және дамыту, "Төлем қабілеттілігі жоқ және банкроттық", "Мұнай өнімдерінің өндірісін реттеу", "Деректерді кешенді көпөлшемді талдау"; "Қазақстан Республикасының тұтастандырылған салықтық ақпараттық жүйесі ", "Салық төлеушілер мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің аумақтық бөлімшелері үшін хабарларды кепілдендірілген жеткізу мен ақпараттарды қорғау жүйесі", "Жеке тұлғалардың төлем көзінен ұсталатын кірістерін есепке алу", "ҚҚС төлеушілерді тіркеу", "Салық есептілігінің электрондық нысандары" , "Ірі кәсіпорындардың мониторингі" ақпараттық жүйелерінің функционалдығын кеңейту; салық органдарының бухгалтерлік жүйелері және байланысты ұйымдастыру үшін салық комитеттерін серверлермен және компьютерлік жабдықтармен қамтамасыз ету; Кедендік автоматтандырылған ақпарат жүйесіне ақпараттық технологиялар енгізу, Кедендік автоматтандырылған ақпарат жүйесін одан әрі дамыту; Дүниежүзілік Кеден Ұйымы кеден қызметтерін компьютерлендіру үшін ұсынған үздік халықаралық стандарттарға сәйкес жаңа кедендік ақпараттық технологияларды енгізу, тауарларды электронды декларациялауды енгізу және қағазсыз жұмыс технологияларына көшу; электронды мемлекеттік сатып алудың интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамыту мен таралымын көбейту, мемлекеттік сатып алу саласындағы республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері арасында электронды сауда тетіктерін іске асыру, кейіннен ведомстволық ақпараттық жүйелермен интеграциялау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | коды | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | | 007 | | | | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі органдарының ақпараттық жүйелерін құру және дамыту |
| 2 | | 100 | Қазынашылықтың ақпараттық жүйесін құру | Oracle Application лицензиясын сатып алу 560 бірлік. Oracle Application | Жылдың ішінде | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бойынша 10 адам оқыту. Валюталық операция үшін бағдарламалық өнім құру және енгізу. Қазынашылық желіні пайдаланушыларға сәйкестендіру және дәлме-дәл келтіру жүйелерін сатып алу, ілеспе қызметтерді сатып алу. Hi-end класының дискілік бағанын 1 бірлігі, принтерлер - 153 бірлік, актив желілік жабдықтар - 10 бірлік, телекоммуникациялық жабдықтар - 37 бірлік, үздіксіз коректен- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | діру көздерін - 349 бірлік, ілеспе тауарлар және қызмет көрсетулерді сатып алу. | | |
| 3 | 101 | Ақпараттық жүйелерді, жалпы мақсаттағы телекоммуникацияларды және салық әкімшілігі жүйелерін құру және дамыту | "Жеке тұлғалардың төлем көзінен ұсталатын кірістерін есепке алу", "ҚҚС төлеушілерді тіркеу. ҚҚС-нан көшіріп алынған шот-фактуралар тізілімдерін қабылдау және өңдеу жүйесі", "Салық есептілігінің электрондық нысандары", "Деректерді кешенді көпөлшемді талдау", "Акциздік өнімдердің өндірісі мен айналымына бақылау", "Ірі кәсіпорындардың электрондық мониторингі", "Тұтастандырылған салық ақпарат жүйесі", "Хабарларды кепілдендірілген жеткізу жүйесі", "Салық есептегі нысандарының деректер қоймасындағы салық есептілігінің камералдығы", "Салық төлеушілер мен салық салу объектілерінің мемлекеттік тізілімі", "Төлем қабілетсіз- | Жылдың ішінде | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі |

дігі және банкроттық", "Кадрлар" ведомстволық ақпараттық жүйе және салық органдарының бухгалтерлік жүйелері соның ішінде: ақпараттық жүйелерді енгізудің жұмыс істеу қабілеттілігін және тиімділігін зерттеу; пилоттық пайдаланудың қорытындылары бойынша жүйені кеңейтуге техникалық тапсырманы пысықтау; бағдарламалық қамтамасыз етуге өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сатып алу; жүйенің бағдарламалық модульдерін пысықтау; жобалық, техникалық, оқу құжаттамасын пысықтау; мамандарды оқыту - 1000 адам; тираждау, инсталляциялау және жүйемен жұмыс істеу бойынша консультациялар; жаңғыртылған жүйені тираждау.
"Бақылау-кассалық машиналарды тіркеу және есепке алу", "Қазақстан Республикасының резидент еместерін есепке алу және тіркеу",

"ЕурАзЭҚ-қа мүше-мемлекеттердің аумағында жеке тұлғалардың бірыңғай салық куәландыруы куәліктері деректерін алмасу және есепке алу" салық әкімшілігінің ақпараттық жүйелерін дамыту және енгізу, соның ішінде: жүйелерді құру мен енгізу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары, техникалық тапсырманы әзірлеу, программалық қамтамасыз етуді әзірлеу; ақпараттық жүйелерден деректердің көшуі, құжаттамалар мен электрондық оқу курстарын әзірлеу, мамандарды оқыту - 200 адам; жүйені пилоттық аймақта тираждау, инсталляциялау; ілеспе қызметтерді көрсету; жүйенің пилоттық аймақта жұмыс істеу қабілеттілігіне зерттеу жүргізу; жүйені тасығыштарды тираждау, жүйені дамыту туралы салық төлеушілерге арналған ақпараттық телехабарлар үшін мате-

риалдар дайындау. Ақпараттық жүйелер үшін ірі аудандық және қалалық салық комитеттеріне серверлер сатып алу - 15 бірлік. Салық комитеттері үшін терминалдық компьютерлер сатып алу - 1000 бірлік. Ірі қалалық және аудандық салық комитеттерінде серверлік бөлмелерді жабдықтау және ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету - 8 бөлме, соның ішінде: желдету жүйелері; газды өрт сөндіргіш және өрт дабылдарының жүйелері; 5 категориялы құрылым алған кабельдік жүйе; электрмен қоректендіру жүйесі; бақылау және қол жеткізу шектелген жүйелер; үздіксіз қоректендіру көздері. Салық органдарына серверлік жабдықтар 220 бірлік үшін үздіксіз қоректендіру көздерін сатып алу. Пайдаланушыларды сүйемелдеу қызметін басқару жүйесін сатып алу - 4 лицензия, консультациялар.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мониторинг және жабдықтарды басқару жүйесінің лицензияларын сатып алу және қамтамасыз ету - 2 жиынтық, консультациялар. Серверлік жабдықтар жағдайының техникалық аудитін өткізу қызметтері. Серверлік жабдықтардың өнімділігін арттыру. | | |
| 4 | 102 | Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің ақпараттық жүйелерін құру және дамыту | Серверлер - 4 бірлік, компьютерлер - 100 бірлік, ноутбуктер - 5 бірлік; принтерлер - 33 бірлік, желілерді қорғау жабдықтарын - 2 бірлік, желі жабдықтарын - 18 бірлік, үздіксіз қоректендіру көздерін - 6 бірлік, ҚКЖ жұмыс орындарын - 100 бірлік, ақпараттарды қорғау құралдарын - 1 жиынтық, ілеспе тауарлар мен қызметтерді сатып алу. ҚР Қаржы министрлігі органдарының ақпараттық жүйелерін құру, дамыту және енгізу, ақпараттық жүйелерінің ықпалдастығы. ҚР Қаржы министр- | Жылдың ішінде | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі |

лігі органдарының ақпараттық жүйелерінің дамыту ықпалдастыру бойынша консалтингтік қызмет алу, ақпараттық технологияларға мамандарды оқыту - 11 адам. Электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесін құру мен дамыту: "Электронды мемлекеттік сатып алу" интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамыту; Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері арасында "Электронды мемлекеттік сатып алу" интеграцияланған ақпараттық жүйесінің таралымын көбейту мен енгізу - 41 әкімші; "Электронды мемлекеттік сатып алу" ақпараттық жүйесін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ведомстволық ақпараттық жүйелерімен: Қазынашылық және Салық комитетінің жүйелерімен интеграциялау;

"Электронды мемле-кеттік сатып алу" интеграцияланған ақпараттық жүйені пайдаланушыларды - республикалық бюджеттік бағдарламалардың 41 әкімшісінің қызметкерлерін оқыту; Жобаларды басқару және консалтингтік қызмет көрсетулер.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 | 103 | "КААЖ" кедендік ақпараттық жүйесін дамыту | Кеден органдарында 200 жұмыс орыны мөлшеріндегі қосымша жергілікті есептеу желілерін құру. Мынадай есептеу техникасын сатып алу: дербес компьютерлер - 350 бірлік, үздіксіз қоректендіру көздері - 370 бірлік, принтерлер - 65 бірлік, серверлер 23 бірлік. Кеден қызметі ақпараттық жүйелерінің және бағдарламалық қамтамасыз етудің компоненттерін әзірлеу және енгізу. Лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу - 2000 лицензия, қауіпсіз- | Жылдың ішінде | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дікті қамтамасыз ету және вирустан қорғау жүйелерін енгізу | | |
| 6 | 104 | "Электрондық кеден" ақпараттық жүйесін құру | "Электронды кеден" ақпараттық жүйесінің ішінде компоненттерін әзірлеу, ақпараттық қауіпсіздік жүйелерін енгізу. 1 жиынтық серверлік кластер, 3 бірлік лицензиялық бағдарламалық қамтамсыз етуді сатып алу. | Жылдың | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі |

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Бюджет рәсімдерін ақпараттандырудың қазіргі заманғы деңгейін қамтамасыз ету, жаңа технологиялық шешімдер базасында мемлекеттің талаптары мен міндеттемелерін, сондай-ақ есептеу желісі мен ақпарат қорғау ресурстарын тиімді басқаруды және мониторингін қамтамасыз ету; мемлекеттік бюджеттің уақытылы атқарылуын және жергілікті бюджеттерге есеп-кассалық қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету, сапасы мен жеделдігін арттыру, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінде және онысы аумақтық бөлімшелерінде ақпараттық жүйелердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету; Internet, электрондық почта көмегімен салық есептілігін қабылдау, қағаз тасығышта стандартты нысандарды электрондық сканерлеу, декларацияларды толтыруды және өңдеуді оңтайландыру, салық төлеушілердің салық декларациясын тапсыруын оңайлату, салық әкімшіліктендіруін жетілдіру, хабарламалар (ақпараттар) қорғауды және кепілдендірілген жеткізуді қамтамасыз ету. Салықтық әкімшіліктендіру процестерін автоматтандыру, ақпарат сапасын және жеделдігін арттыру, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің дұрыс есептелуін және уақтылы төленуін бақылайтын талдамалы жүйе құру; кедендік ресімдеу мен бақылау жүргізу мерзімін қысқарту, кеден қызметі мен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың сауда операцияларын жүргізген кездегі шығындарын қысқарту, кеден рәсімдерін жетілдіру және оңайлату, Қазақстан Республикасы сыртқы саудасының өсіміне ықпал ету; жүйелік-техникалық тұғырнама мен КААЖ қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етудің сенімділігін, өнімділігін және функционалдық мүмкіндіктерін арттыру, статистикалық деректердің дұрыстығы мен талдаулық шешімдердің сапасын арттыру үшін жаңа кедендік ақпараттық технологияларды енгізу,

мемлекеттік басқару органдары үшін статистикалық деректерге автоматтандырылған қол жеткізуді ұйымдастыру, сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға сервис ұсыну; электронды мемлекеттік сатып алудың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және ақпараттық жүйелерді дамыту қағаз жүзіндегі құжат айналымын едәуір қысқартуға әкеледі, сондай-ақ тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жүйесінде сатып алынатындардың көлемінен 10-15% мөлшерінде ақша қаражатын үнемдеуді қамтамасыз етеді; электрондық сауданы, аукциондар мен электронды коммерцияны құру мен дамыту үшін техникалық база қалыптастыруға мүмкіндік туғызады; үлгілік аппараттық-бағдарламалық жүйелерді қолдану арқылы мемлекеттік сатып алудың тиімділігі мен жеделдігін арттырады, мемлекеттік сатып алу процесінің барлық кезеңдерінің айқындылық, барлық ықтимал өнім берушілер үшін мемлекеттік сатып алу жүйесінің ашықтығы мен қол жетімділік деңгейін көтереді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
173-ҚОСЫМША

217 - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Мемлекеттік органдар үшін автомашиналар паркін жаңарту" деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 355934 мың теңге (үш жүз елу бес миллион тоғыз жүз отыз төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы , "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1119 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік органдар үшін автокөлік паркін орталықтандырылған жаңғырту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттік органдар үшін автокөлік паркін орталықтандырылған сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 008 | | Мемлекеттік органдар үшін автомашиналар паркін жаңарту | Мемлекеттік органдар үшін, оның ішінде мыналарға: Ауыл шаруашылығы министрлігіне - 29 бірлік; Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне - 11 бірлік; Көлік және коммуникациялар министрлігіне - 9 бірлік; Қаржы министрлігіне - 97 бірлік; Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне - 5 бірлік; Әділет министрлігіне - 10 бірлік; Энергетика және минеральдық ресурстар министрлігіне - 12 бірлік; Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне - 10 бірлік; Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне - 2 бірлік; | Жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі |

Есеп комитетіне - 9 бірлік;
Жоғарғы Сотқа - 18 бірлік;
Бас Прокуратураға - 15 бірлік;
Статистика жөніндегі агенттігіне - 7 бірлік;
Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігіне - 5 бірлік,
Конституциялық кеңес - 4 бірлік.

Автокөлік паркін орталықтандырылған сатып алу

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мемлекеттік органдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және көлік қызметін көрсету үшін сапалы және уақытылы автокөлік паркін орталықтандырылған жаңғырту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 173-1-қосымша

*Ескерту. 173-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

217 - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшілігі

**2005 жылға арналған 009 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік қызметшілердің, мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлерінің және қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" республикалық**

**бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 31018414 мың теңге (отыз бір миллиард он сегіз миллион төрт жүз он төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі ; Мемлекет басшысының 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" Қазақстан халқына Жолдауы ; "2005 жылға республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы органдарының мемлекеттік бюджет есебінен және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сметасы (бюджет) есебінен ұсталатын қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығы ; "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес және қазыналық кәсіпорындардың жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жоғары тұрған органдардың нормативтік құқықтық кесімдер қабылдауынан туындайтын жалпы сипаттағы үш жылдық ресми трансферттердің қолданылуы кезінде шығыстардың ұлғаюына әкеп соғатын төмен тұрған бюджеттердің шығынын өтеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттік қызметшілерге, мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне және қазыналық кәсіпорындардың жұмыскерлеріне 2005 жылдан 1 шілдеден бастап орташа 32 пайызға ұлғаюды ескере отырып жалақы төлеуді қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары*:

| N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 009 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және | Мемлекеттік қызметшілердің, мемлекеттік мекемелердің | 2005 жылдың екінші | Қазақстан Республикасы Қаржы |

Алматы мемлекеттік қызметші жарты министрлігі,
қалаларының емес және қазыналық жылдығы облыстардың,
бюджеттеріне кәсіпорындардың Астана және
мемлекеттік жұмыскерлерінің Алматы
қызметшілер- жалақыларын ұлғай- қалаларының
дің, мемле- тылуына байланысты әкімдері
кеттік меке- республикалық
мелердің бюджеттен облыстық
мемлекеттік бюджеттерге, Алматы
қызметші және Астана
болып табыл- қалаларының бюджет-
майтын теріне қосымша
қызметкер- шығыстарды қаржы-
лерінің және ландыру үшін
қазыналық қаржы қаражатын
кәсіпорындар бөлу.
қызметкерле-
рінің
жалақысын
ұлғайтуға
берілетін
ағымдағы
нысаналы
трансферттер

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мемлекеттік қызметшілерге, мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне және жергілікті бюджет есебінен ұсталатын қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне жалақы төлеу.

*Ескерту: Іске асыру жөніндегі шаралар тізбесі, республикалық бюджеттен берілетін трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарлама паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
174-ҚОСЫМША

*Ескерту. 174-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.*

217 - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві" деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 15758913 мың теңге (он бес миллиард жеті жүз елу сегіз миллион тоғыз жүз он үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексінің 17-бабы , "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы , "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою; Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігіне, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды жою; сот шешімдері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін өтеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен анықталған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөнінде іс-шаралар жүргізу; Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігіне, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды жою жөнінде іс-шаралар жүргізу; Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелері бойынша сот шешімдерін атқару.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдар. лама коды | Кіші бағдар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | 010 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві | | | |
| 2 | | 100 | Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен анықталады | Бір жылдың ішінде | Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары |
| 3 | | 101 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резерві | Үкімет шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлуді қамтамасыз ету | Бір жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою; Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігіне, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды жою; Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелері бойынша сот шешімдерін орындау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
175-ҚОСЫМША

*Ескерту. 175-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

217 - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау" деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 6550604 мың теңге (алты миллиард бес жүз елу миллион алты жүз төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Бюджет кодексінің 213-бабы , "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысы

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қарыз алушы қарыз төлемдері туралы шартқа (келісімге) сәйкес оған тиесілерді төлемеген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес қарыздар жөніндегі дефолте фактілерін болдырмаған жағдайда Қазақстан Республикасының кредит берушілер алдындағы міндеттемелерін орындау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Егер қарыз алушы кепілдікпен қамтамасыз етілген қарызды төлем мерзімі түскен күні толық немесе ішінара өтелмеген жағдайда және 2004 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес қарыздар жөніндегі негізгі борышты, сыйақыны, өзге де төлемдерді төлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 011 | Мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау | Заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекет кепілдік берген қарыздарды өтеу және қызмет көрсету | 2005 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
176-ҚОСЫМША

217 - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің кассалық алшақтығын жабуға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві" деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 600000 мың теңге (алты жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 24 сәуірдің 2004 жылдың Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 17-бабы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: кассалық алшақтықты жабуға төмен тұрған бюджеттерді несиелеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: кассалық алшақтық болған жағдайда төмен тұрған бюджеттердің шығыс бөлігінің орындалуын қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | коды | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 012 | | Облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің кассалық алшақтығын жабуға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі болған кезде төмен тұрған бюджеттерге кассалық алшақтықты жабуға кредиттер беру | жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: қаржы жылы шеңберінде алты айға дейінгі мерзімде төмен тұрған бюджеттердің шығыс бөлігінің орындалуын қамтамасыз ету үшін кассалық алшақтықты жабуға төмен тұрған бюджеттерге несие беру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
177-ҚОСЫМША

*Ескерту. 177-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

217 - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Үкіметтік борышты қамтамасыз ету" деген 013 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 30075730 мың теңге (отыз миллиард жетпіс бес миллион жеті жүз отыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан

Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік Кодексінің 201-бабы ; " Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының үкіметтік борышына қызмет көрсету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: үкіметтік қарыздар бойынша сыйақыларды (мүдделерді) төлеу; үкіметтік қарыздарды тартудың комиссиондық сыйақыларын төлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 013 | | | Үкіметтік борышты қамтамасыз ету | | |
| 2 | | 100 | Қарыздар бойынша сыйақыларды (мүдделерді) төлеу | Үкіметтік қарыздар бойынша сыйақыларын (мүдделерді) төлеу | 2005 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі |
| 3 | | 101 | Қарыздарды орналастырғаны үшін комиссиялық төлем | Үкіметтік қарыздарды тартудың комиссиондық сыйақыларын төлеу | 2005 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасымен үкіметтік борышқа қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелердің орындалуы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
178-ҚОСЫМША

217 - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Сенімді тұлғалардың (агенттердің) қызметтеріне ақы төлеу деген 015 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 3065 мың теңге (үш миллион алпыс бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 24 сәуірдің 2004 жылдың Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 171-бабы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: бюджеттік кредит берумен байланысты тапсырмаларды орындағаны үшін сенім білдірілген адамдарға (агенттерге) сыйақыларды төлеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: сенім білдірілген адамдардың (агенттердің ) бюджеттік кредиттерді, мемлекет кепілдік берген қарыздарға қызмет көрсетуді және қайтаруды қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 015 | | Сенімді тұлғалардың (агенттердің) қызметтеріне ақы төлеу | Тапсырманы орындағаны үшін сенім білдірілген адамдарға (агенттерге) сыйақыларды төлеу | жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: сенім білдірілген адамдарға (агенттерге) бюджеттік кредиттерді, мемлекет кепілдік берген қарыздарға қызмет көрсету және қайтару жөніндегі жүргізілген жұмыстар үшін сыйақылар төлеу.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
179-ҚОСЫМША

217 - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Жекешелендіру, мемлекеттік мүлікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет, осымен және кредит беруге байланысты дауларды реттеу, кредиттер және мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау есебінен алынған немесе өндіріп алынған мүлікті есепке алу, сақтау" деген 016 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 500000 мың теңге (бес жүз миллион теңге).

